

СӨЖ № 2. RIPv2 бағыттауыш протоколын тексеру және конфигурациялау.

Сабақтың мақсаты: Routing Information Protocol, бағыттауышты басқару хаттамасын қарастыру.

Негізгі сұрақтар: RIP қолдайтын бағыттауыш кестелерінде сақталатын ақпараттар.

Тапсырма: Тақырып бойынша презентация жасау.

Тапсырманы орындауға арналған әдістемелік нұсқау: Презентация (ағылш. presentation, лат. praesentatio; сөзбе-сөз - ұсыну) - бір туындыны, ұйыммен мекеменіт.б. салтанатты жағдайда жұртшылық алдында ұсыну; ресми таныстыру; фирманың презентациясы деген ұғымды береді.

MS Power Point программасының әрбір презентациясы слайдтар жиынынан тұрады. Ал слайдта графикалық фонда орналастырылған объектілер немесе текст тұруы мүмкін.

Слайд – көзге көрінетін күрделі көрініс. Оның құрылымына тақырып, мәтін кесте, графикалық бейнеклиптер дыбыс үзінділері, сызбалар енгізуге болады. Слайд фильмдерді жасау құралы – MS Power Point графикалық пакеті. Ол әр түрдегі презентацияны көрсетуге мүмкіндік береді.

Презентация-жаңа бір нәрсені, жаңа ғана пайда болған, жаңадан құрылған жағдайды қоғамдық елестету. Ақпаратты елестетудің, берудің жаңа тәсілі, жаңа формасы. Презентацияның түрлерінің бірі мультимедиялық, яғни бір файлда жинақталған слайдтар жинағы. Презентация жоба туралы қысқаша немесе шағын әңгіме түрінде де болады. Студент презентация арқылы берілген ұғымды топтап, шағын түрде жеткізуі керек. Презентация арқылы студент өзінің фантазиясы, креативті ойы, терең білім деңгейі арқылы көзқарасын ортаға салады.

Презентацияға қойылатын талаптар:

-Презентация электронды және баспа түрінде болады (түрлі-түсті, файл папкіде). - Презентация көлемі 10-15 слайдтан тұруы қажет.

-Презентацияның құрылымы мұқабасы, кіріспе (зерттелетін мәселенің түйіні, мәселенің маңыздылығы, мақсаты мен міндеттері жазылады), негізгі бөлімі (бұл бөлімнің әрбір бөлігі жеке мәселелерді ашады немесе бір-бірін жалғастырып отырады, бұл бөлімде кесте, сызба, график, суреттер болуы мүмкін), қорытынды (презентация бойынша қысқаша қорытынды беріледі, ұсыныстар беріледі), әдебиеттер тізімі болады.

- Презентация әдеби тілде жазылуы қажет.

- Материал жоғары техникалық деңгейде болуы қажет.

!!! Ескерту: Презентацияны құрастыруда ғаламтор жүйесіндегі дайын презентацияларды көшіріп алуға болмайды. Өзіңіз еңбектеніңіз. Тақырыппен жақсылап танысып алыңыз.

Презентацияда міндетті түрде студенттің аты-жөні, тобының нөмірі болуы тиіс!!!

Есеп беру формасы: Тақырып бойынша 10-15 слайдтан тұратын презентация жасап, электрондық нұсқасын тіркеу. Шрифт 14, интервал - 1,5 болуы қажет.

Студенттердің білімін бағалау және тапсырманы орындау уақыты: 4 апта